


1 2007
38 к

КАЗИРГІ
ҚАЗАҚ
ПОЭЗИЯСЫ

**Сайын
Назарбекұлы**

*Менің
Ақ Ордам*





Сайын Назарбекұлы

*Менің,
Ақ, Ордан*

Өлеңдер



Алматы
"Жазушы"
2006

ББК 84 Қаз 7

Н 17

*Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігінің бағдарламасы
бойынша шығарылды*

Назарбекұлы Сайын.

Н17 Менің Ақ ордам. Өлеңдер. — Алматы: Жазушы,
2006. — 304 бет.

ISBN 9965-746-85-0

Бұл жинаққа ақынның әр жылдары жазылған
таңдаулы өлеңдері енді.


Н $\frac{4702250200 - 21}{402(05) - 06}$

ББК 84 Қаз 7

ISBN 9965-746-85-0

© “Жазушы” баспасы, 2006

“ПАРЫЗ БЕН КІСІЛІК” ЕСІГІ



МЕН САЙЫНМЫН ҒОЙ...

* * *

Апырым-ай!

...Неге мені мына жұрт елемейді?..
...Дейтін кісің мен емес... ие, мейлі...
Бетін ашып алалық мәселенің,
Болсын анық түсінік, түбегейлі!..

...Танымадың сен, інім, мені қалай?..
Жетектегем, арқалап сені талай.
Мінгестіргем қалдырмай жолда жаяу,
Аралатқам тау мен тас, елінді ұдай.

Айтып ем ғой, ақынмын, ағаңмын деп!
Уәде еткем, сел болып ағармын деп!
Бір жұлдыздай өзімді жақпақ болғам,
Жана алмадым жұлдыздай, ағардым тек!

Ойлар талай кетті де қайта келді,
Шатастырды, талай жан сайтан өңді.
Тура жолдан адастым, көп кешіктім,
Кешіріңдер деймін де, қайтем енді...

Мен ағаңмын ғой!..
Жан-тәнімдей, жеткіншек, сүйіп едім!
Тыңда, менде ойнайды күйі ненің?..
...Іні қамы – ел қамы, болашағың,
Жан жарасы, жазылмас күйік едің?!

Болашағым деп едім, көкте күнім!
Өткен талай көз ілмей текке түнім.

Сағынышпен сарғайды талай жылдар,
Тағдыр, саған кей-кейде өкпелімін...

Алыстаттың, ей тағдыр, арманымнан,
Үзіп бердің жалғанның жалғанынан.
Өкпелімін... Адамды “адам” деген,
Қазағыма дәм жаздың қалғанынан...

Мен ініңмін ғой!..
Қолыңда өскем, қалайша ұмыттыңдар?
Өздеріңмен оянған үміт, мұңдар.
Мінезімен біріңнің жерге кірсем,
Ал біреуі – асқарым, шабыт шыңдар.

Талай барғам алдыңа ақыл сұрап!
Еліктедім, сүйдім де жақынсырап.
Ағалар-ау, кемсітпе інілерді,
Қуат берші, деші тек “мақұл, шырақ!”.

Жарасады ағаға жөн сілтеген,
Сөкпе оны, тіпті ойы, болсын төмен.
Іні деген еліңнің болашағы,
Мен жас жанға ешқашан қол сілтемен.

* * *

Ау, халайық!..
Мендей ұлды қалайша елемедің?..
Дұрыс еді дер кезде демегенің.
Өзің үшін тер төккен бір баланың,
Біліп жүрші арам ас жемегенін.

Шырылдаған сен үшін жаным, мына..
Талай тақыл сөз айттым танымдыға.
Жел сөз емес күн туса, ел басына,
Керек десең қиямын жанымды да...

Мен бөріңді, бөріңді танымын ғой!
Айтпақ болғам сендерге пайымды ой...

Ес білгелі жүрегім соқты сен деп,
Мен балаңмын, ақының... Сайынмын ғой!

Ау ағайын!..
Әлі менің сіздерге айтарым көп!..
Неге жігіт баптайсың сайтанын тек?..
Неге талап қоймайсың азаматқа
Мойындағы парызды қайтарың деп?..

Маңдай термен борышты төледім мен,
Алыс қадам баспадым керегіңнен.
Қала ма деп түсінбей қара сөзді,
Өң бергенмін ойыма өлеңменен.

* * *

Мен Сайынмын ғой! —
Қазақ еткен қазақты, қаңқа сүйек —
Өмір сүрдім, сендерге арқа сүйеп...
Қалайсындар: бабалар, аруақтар!
Қысылғанда жіберер барса, сүйеп...

Содан барып өзіңе тас қалағам,
Содан менде ерекше басқа наным.
Түркістан мен Сарайшық, қарт Тараздар,
Астанасы, бас қала, Астананың.

Жыр арнадым сезімге енгендіктен,
Тас қаладым сендерге сенгендіктен.
Қойыныңа өзіңнің енем барып,
Бүгін алып кетсе де, көнгем, тіптен.

* * *

Мен Сайынмын ғой!..
Ақын болып ағымнан жарылғанмын!..
Ойын ұқтым абыздың, дарындардың!..
Сол ойлардан тоқыдым шекпенімді,
Жаным сезді ежелден сарын барын!..

Ей, ағайын!, айтпағың не демендер,
Жүрек жарды айтылған ойды меңгер.
Парыз емес, алданып қызарғанға,
Жүріп қалмаң қызықтап тойды сендер.

Батырыңмын қас жауың жасқанардай,
Бола алмаймын шал-шапыр басқалардай,
Балаң түгіл құрдасын немереңмен,
Қуатым бар қамал сап, тас қалардай.

* * *

Ау, халайық!..
Ақын болып ағымнан жарылғанмын!..
Ойын ұқтым абыздың, дарындардың!..
Сол ойлардан тоқыдым шекпенімді,
Жаным сезді ежелден сарын барын!..

Бәрінді де, бәрінді танимын ғой!
Айтпақ болғам сендерге пайымды ой..
Ес білгелі жүрегім соқты сен деп,
Мен балаңмын, ақының... Сайынмын ғой!

...Мен Сайынмын ғой!..

Ақтау. 1.05.2004 ж.

ҚАРЫНДАСТЫҢ КӨЗ ЖАСЫ

Қарындасым!
Деппін оған, қамқоршыдай болып бір,
Қара көзің жасқа неге толып тұр?
Айтшы маған, өкпелеткен кім сені,
Таныстырам әкесіне көріп тұр.

Ойлы көзін қадап маған төңкеріп,
Әлде қандай дауысына мұң кіріп
Жауап берді жыламсырай күрсініп...
Торғын тартқан жүзі қандай нұр сіңіп...

Ағатай-ай!

Қалай ғана шаншыдым сәби қолын?
Кете ме деп қорқамын болмай жолым...
Шар еткенде саусақтан қан тамшылап,
Қалғандай ем танымай оң мен солым.

Қарындасым!

Деппін оған қан алғаның айып па?
Санамашы оны үлкен айыпқа.
Жазылады жарақаты сәбидің,
Көңіл көтер, ойдан ауыр айық та.

Ағатай-ау!

Қинап тұрған қаны емес саусақтың,
Мен дәрігермін, күйректіктен аулақпын.
Көбелектей отқа түскен еркімен,
Қыздар қашан айрылады дертінен?

Заңсыз әке, нәрестенің әкесі,
Қиылмаған шешесімен некесі.
Ертеңгі күн — соттасады, ағатай,
Бала қаны, әке және шешесі.

Соған керек қанның түгел құрамы,
Сол арқылы сот мәжіліс құрады.
Баласының тамшы қаны бұлтартпас,
Болмақ екен мойындату құралы.

Сондай қиын тапсырмамен қан алдым,
Мұңсыз едім, қасірет кеп жамалдың.
Қымбатымның өңі оңып барады,
Ағажан-ай, тығырыққа қамалдым.

Заң сотына түссе әке, шешесі,
(Бала қаны — толмас орны, есесі).
Ар сотына түсіп қалдым жазықсыз,
Ар қиналды, елім үшін, көкесі.

Айналайын!

Дедім оған, таңың сенің жақсы атқан,
Сен жұлдызсың, сен — ай, сен — күн, аңсатқан.

Бұл өмірде қара жүрек арсыз бар,
Ада қылар туған халқын жақсы аттан.

...Дедім дағы Ұлы адамға бас иіп,
Күнәлідей, үнсіз ғана қоштасқам...

Қыркүйек, 1988 ж.

ӨТЕЛМЕС БҰЛ ӨМІРДЕ ҚАРЫЗДАРМЫН

Тербетіп талай мені таң атырдың,
Қаның мен жаныңнан мен жаратылдым.
Парызын ең ақырғы өтей алмай,
Топшысы сынып жатыр “қанатыңның”.

Өзіндей жоқ қой енді жанашырым,
Жетімдік басқа түсті, ана, шыным.
Сала алмай бір-ақ уыс топырақты,
Жылайды жақсы көрген “қарашығың”.

Күтіп ем жылдан жылға ержетермін,
Сезбеппін “ит өмірдің” кер кетерін.
Кім білген тобық жұтқан бұл өңештің,
Бір қасық сорпа жүрмей терлетерін?

Емес ем сойы тентек ұрыншақтың,
Зауалын тарттым сонша “зұлым шақтың”.
Жан даусы жетті ме, ана, шыңғырғанда,
Қылбұрау мықтап түскен “құлыншақтың?”.

Тырнағын салып жатыр жауыз қайғы,
Ұлыңа бір жұтым су, ауыз қайғы.
Жұмада, мүмкін, сені жерге берер,
Ал мені тағы да бір “бауыздайды”.

...Айтылмай кетер енді арыздарым...
...Білемін ана алдында парыз барын...
...Анажан, ақ сүтінді кешіре гөр,
Өтелмес бұл өмірде қарыздармын...

Мәскеу, 20.11.1990 ж.

ТӨБЕНДІ ТӨМПЕШІК БОП БИІКТЕТЕМ

Туған жер... Табынтады ұлылығың,
Қалайша дәлелдейді бұны ғылым?
Беруге сөзбен, сірә, түсіндіріп,
Мүмкін бе ұлылықтың шын ұғымын?

... Ұл тудың талай-талай арыстандай,
Қорғаған сені жаудан қалыс қалмай.
Кең-байтақ мекенімді шексіздіктей,
Куә ғып тартпаймын ба, алыс бармай.

Ақының дауыл соққан Атыраудай,
Тандайға, ана тілім, татыр-ау, пай!
Би сөзі, қызығасың, қолыңа алған,
Зергердің алқасынан жатыр аумай.

Атамның сөзі жұмсақ текеметтей,
Тыңдайсың жаның балқып, секем етпей.
Шамданса, бұл не ғажап, таңданамын,
Найза боп өн бойынды кетеді өктей.

Бұрындар туған ұқсап ұл да саған —
Жолыңа жанды қиған, бұлдамаған.
...Жер жыртып енді, міне, малын бақса,
Көрінді ұлылық боп бұл да маған...

...Атынды, туған елім, сүйікті етем,
Бұл жолда жанып өтем, күйіп кетем!
Ең азы, соңғы сәтте, о, туған жер,
Төбенді төмпешік боп биіктетем!

1991 ж.

АНА ШАШЫ

Қиындықта қым-қуыт жасымаған,
Ей, адамзат, не деген асыл анаң!
Тірі тарих секілді көрінеді
Асқар таудай ақ қарлы шашы маған.

Дейді: “Шашы ананың бұзылмайды”,
Көп шалғаннан болар ма жүзін қайғы?
Жарықтықтар, келеді кешірімшіл,
Түсінеді тек солар біздің жайды.

Әлпештеген “ұлы, — деп, — атасының”,
Осы біздер ұрпақпыз қатесі мың.
Ұмытқан да біздерміз аруақтың
Желеп-жебеп о жақта жататынын.

Алаңғасар, айқайшыл ойсыздарым,
Өзің тойлап, қалмасын тойсыз кәрің.
Алмағайым, арпалыс бұ заманда,
Анаң нешік? Қыз қандай? ... ой сыздадың...

...Күн де жақын қоштасып, тарасатын,
Қамда, қамда кісілік парасатын.
...Құтқаруға бір талын ана шаштың
Отқа түссең, сол қылық жарасатын!

1992 ж.

КІСІЛІК

Кісіліктің жобасы қандай болмақ?
Кісі ойға ешқашан қанбайды ойлап.
Өткен іске кей кезде жүрек мұздар,
Шыдау қиын сызына тоңбай бойлап.

Ата-баба тағдыры сабақ болса,
Қанағатқа қарын мен табақ толса —
Кемеңгердей кісіге айналарсың,
Азғын ойлар қинамас қамап сонша.

Жолдас еткен бейнетті “талап” атты —
Кісілікке биіктеп бара жатты.
Қайырымшыл жандар да кісі аталар,
Сен борышты, ал олар алажақты.

Алматы. 12.02.1995 ж.

УӘДЕ

(Шәкір Әбенұлы аруағына)

Жамбылдың батасын ап,
Нұрсұлтанға бата берген —
Жан еді кейуана,
Алабөтен атағы елден.

Ұлың көп Шәкір-Ата —
Десем, Сіз қате дер ме ең?
Солардың мен де бірі,
Алғыс ап, ата көрген.

...Басында белгі де жоқ,
Өкініш... Ұқтым жайын...
...Мойнына бұл салмақты,
Ешкімнің жүк қылмайын...

Шілде, 1995 ж.

“КІСІ” МЕН “КІСІЛІК”

Мені қайда ап келдің кісілігім?..
Сарайыңның бос неге іші бүгін?..
...Ағынға еріп жаңартып ала алмаймын
Бойға сіңген кісілік түсінігін.

...Ойға бір сәт кісіні батыралық...
...Қулық, сұмдық дәмінен татып алып —
Бәрін аттап кеткендер кісі ме енді,
Кісіліктің шекпенін сатып алып?..

Кісімсінген — кісілік кейпіне енсе
Аласардың асқардай дейтін еңсе.
Бос орын жоқ сарайда, кіріп алған,
Аты келсе бәйгеден, иті жеңсе...

25.01.1997 ж.

ӨҢЕШ

Тойып тамақ іше алмаймын
Өңешімнен жаралы ем.
Содан болар, сеземін мен
Тірлік құнын шамамен.
Қымбат тартып кетеді екен
Ауыл-аймақ, дала-дөң...

...Шыңғыс ханның өңешіне
Сыйып кеткен – Жер шары.
Наполеон жұтқынынан
Өтпей қалған бір тары.
Белгілі еді әлімсақтан
Бастан базар тарқары.
Міне осындай мысалдарға
Мән бермейді жұрт әлі.

...Өңеш-өзен, өтіп жатыр,
Тығын болмас шамалың.
Қылғытады Елін, Жерін,
Тоқтата алмас шамалы үн.
...Ей, Қомағай!, халың қалай?..
Сау ма, қарның, тамағың?..
...Дәрмені жоқ, ақын сол кез
Қолға алар қаламын.

Жыр жазады осыны ойлап
Көз жасымен бір ақын.
Жүрегі тек қайырым деп,
Ізгілік деп соғатын.
Кешіретін, ойып алсаң,
Керек болса қоң етін.
Өкпелейтін “аталарша”
Насыбайға бір атым.

Біреу ауру “алтын-зердің”
Сәулесіне қарығып.
Біреу ауру нан мен тұзын
Айыра алмай тарығып.

Күннен күнге бара жатыр
Әлем неге қағынып?...
Не сыйламақ Бостандығым
Күткен сонша зарығып?..

Дінсіздер тек біле тұра
Арам астан тата алар.
Ақымақ тек ойламайды:
Өз ісімде қате бар.
Қомағайды дейді халық
Ақыр түбі қақалар.
Иман керек анау жаққа,
О дүние тақалар.

Қанағатсыз – ел бүлдірер,
Дау туғызар түбінде.
Друдың соны айналады
Шоқпар ұстар дүбірге.
“Желтоқсанда” көзбен көрдік
Халық қандай бұ күнде.
“Айтақ” десе алып түсер
Ыза жатыр ішінде.

Қомағайлар! Қайтесіңдер –
Кетсе қарын жарылып?..
Зар боларсың жұтым суға
Қалса өнеш тарылып.
Дәл сол шақта үлгермейсің
Күнөлардан арылып...
– Ау, ағайын!.. Қанағат! – деп,
Қылған ақын зарын ұқ.

20.12.1997 ж.

БӘРІҢЕ ҚАРЫЗДАРМЫН

Анама қарыздармын! –
Алты рет анау жаққа барып келген,
Сондықтан алты бала жарық көрген.
Мен өзім бар анаға қарыздармын –
Болашақ азаматты танып төлден.

Жарыма қарыздармын! —
Өзіңе ұнамақ боп келбеттендім,
Ойламай өздеріңді ержетті кім...
Қарызбын әйел атты барлық жанға,
Арналды бар ерлігім, еркектігім.

Аулыма қарыздармын! —
Бір ұлын жігіт етті талап беріп,
Ұшардай сұңқар етті қанат керіп.
Мен көзір қарыздармын Байтағыма,
Төбемнен өзім шыққан қарап көріп.

Ұлыма қарыздармын! —
Сүйгіздің немеремнің балалығын,
Бұл сөзім танылмаған жаңа ғылым.
Атама қарыз екем, енді білдім,
Жас шақта ескермеппін, шалалығым.

Өліге қарыздармын! —
Оятқан абзал сезім, аяушылық,
Үнің де сол маңайда баяу шығып.
Аруақ, қарыздармын өздеріңе,
Табынар, тәу етуге жаяу шығып.

Бәріңе қарыздармын! —
Бәріңнен аздан, мысқыл, ала білдім,
Артыңда адал жүрсең қалады үлгің.
Жаратқан, жалғыз саған қарыздармын,
Өзің деп оңғарылды талабы ұлдың!..

26.02.1997 ж.

ЖАНЫМ ТАЗА...

Жаным таза — мақтанышым тірлікте,
Сезім таза — сақтамаймын бір бүкпе.
Жер-Ананы ластамай Ақырға —
Кете алардай бұл өмірді сүрдік пе?..

Тәнім тозып іріндеген кезінде,
Ыза қысып дірілдеген кезімде —
Жаным таза қалды со кез былғанбай,
Ере алмадым еш қатыгез сезімге.

Бетте әжім, сиқы кетіп тозса да,
Жүйке жұқа, ашу жеңіп қозса да —
Жаным жап-жас — шүкір деймін, шүкір тек,
Өкініш жоқ, бүгін өмір озса да...

АДАМДАР

Құда болса әулетің мен нағашың,
Іңкәр сезім тапса тоят, жарасым —
Тамшы қанға жан бітірсе Қүдірет,
Адам болып аз ғана күн жанасың.

Жаны бардың бәрі сүрмес тірлікті,
Тірі біткен бола бермес дүр, мықты.
Пақырлықпен кейбір пенде күй кешсе,
Кейбіреуді Жер шары боп жыр ғыпты.

Біреу жанып, біреу түтеп таусылар,
Күйеліге жанап кетсең дау шығар.
Біреу жүрер өз-өзінен тұншығып,
Бір адамның айға жетер даусы бар.

Намысты бар шар болаттай сынатын,
Жұмбақ жан бар, таба алмассың дәл атын.
Бұл өмірде дана сирек кездесер,
Топқа түссе биіктейді-ау дара тым.

Інілер бар талмай қағар қанатың,
Қыздар да бар қылығымен жағатын.
Жақсы жар бар сағындырған сарғайтып,
Құшқанынша таусылатын тағатың.

Баламын дер, отызында еркелер,
Қырық жаста маған бірі ерте дер.
Намыстанар “шалсың” десе шошынып,
Алпысында ақыл-есі келтелер.

Аталар бар кәрі бұта, гүлі мың,
Әжелер бар бал арасы, үні мың.
Шаңырақ бар маңыраған төлдері,
Шатастырған енесі мен құлынын.

Жайлы жан бар жылытады күніңдей,
Аналар бар қырдың асыл гүліндей.
Сүйікті бар кем-кетігі байқалмас,
Келіндер бар қонақ күтер күлімдей.

Жараспайтын тал бойына адамдық,
Жаратылған нақұрыс бар надан ғып.
Табиғатта бәрі егіз, әйтпесе,
Жырға қосар қасиет пе “жамандық”.

Неге асылға табиғатта тапшылық?..
Неге ақынды қақсатады бақсы ғып?..
Алхимиктей босқа терін төге ме,
Ақын бәрін аламын деп “жақсы” ғып?..

БІР УЫС ТОПЫРАҚ, БІР ШӨКІМ БҮЛТ

Бір уыс топырақ,
Бір шөкім бүлт енші алып
Кетсем бе екен
Имандылау жер шалып...
Искетермін ұрпағыма болашақ,
Уа, Тәңірім! Тазасынан берші алып!..

Бұйрығы Алла, адам жерді мекендеп
Келе жатқам қожасы өзім екен деп...
Анық қожа адам емес “Азу” боп,
Жорғалаймын, баста нөқта “тепең көк”.

— Ең лас зат “Азу” ізі бұ күнде,
— У-дың у-ы “Азу” демі бұ күнде.
Елдің жауы, Жердің жауы “Азулар”,
Мен қол қойдым сондай қатал “Үкімге”...

“Қожа – Мен” деп, “Еге – Мен” деп босем кеп,
“Мен туған жер! – деймін – содан есем көп!”..
Еге еместер жарып жатыр жатырды,
Дәнін емес топырақтай жесем деп...

Күнді жалдап, Ай сатылып құрымай
Тұрғанында... қамдансам ба бұрын-ай...
Тығып қойсам осы бастан емге деп,
Бір шырақтық Күн сәулесін, нұрын Ай...

Бір уыс топырақ,
Бір шөкім бүлт енші алып,
Кетсем бе екен
Имандылау жер шалып...
Иіскетсем бе ұрпағыма болашақ,
Уа, Тәңірім! Тазасынан берші алып!..

СЫР АШУ

Өзіме емес, өзгеге емес – халқыма
Еңбек еттім, бір дем алмай, алқына.
Ұлыма емес, тілек тілеп еліме
Өмір сүрдім жүрек жара, сарқыла.

Сыр ашайын: елемедім есірді,
Ерегеспен қанша түйін шешілді.
Қыл көпірден талай өттім, әзірге,
Мүмкін, Тәңір көп қатемді кешірді.

Сескенбеймін улы жылан зәрінен,
Қорықпаймын тірі пенде көрінен.
Өзім салған бір жіңішке жолым бар,
Алып шыққан қиындықтың бәрінен.

Өкініш көп, қолымды кеш сермеп, тым,
Мен көбіне бос жарыста терлеппін.
Өкініш-ай, қамал бұзар шағымда,
Бар қуатты сарқып елге бермеппін.

БОЙДА ЕКІ “МЕНІМ” БАР

Бойда екі “Менім” бар ерегескен,
Жан-тәнімді сонша жыл бөле жескен.
Бірі “Өзің”, “Сен — жалғыз” десе тантып,
Бірі “Ел” деп, “Отан” деп танады естен.

Біріншісін өгейдей шектеткен ем,
Екінші де күн бермей “кет-кет” пенен.
Қайта айналып “қайыршы” шықпайды екен,
Келістіріп екеуін ептеп келем...

ҚҰРМАНҒАЗЫ КҮЙЛЕРІ

Өн бойыңа бал әуен таратылып,
Лаулап, сөніп бал сезім — жана, тұнып,
Көрінгенде табиғат аңандай боп,
Өзің қайта туғандай жаратылып —

...Жеткізетін сезімге жарық қайсы...
Көзді жұмшы, көңілмен барып қайтшы...
...Қанат етіп Айгүлдің саусақтарын,
Құрекең боп Әлемді шолып қайтшы...

...Сазға салып — шапқанды, шабылғанды.
Сазға салып тарыққан, шағынғанды...
Құса болған жандардың анда-санда
”Кісен ашып” тек қана бағы жанды.

...Сонша неге, азаттық, сүйікті едің,
Ноқтадан бас босамай, күйіпті елің.
Аласарған намысты қамшылатып,
”Алатау” боп, түлеп, ел, биіктедің.

Содан барып оянар жыны бұққан,
Содан барып азаттық құнын ұққан.
Қанша ұрпақ, кім білген, “Кішкентайды”
Тындап, сосын дәметті ұлылықтан.

Исатай боп ел мұңын бастан кешкен,
Сатқындықты көп көріп қастан, дастан.
Тек сонан соң болмысың буырқанар,
“Адай” болып сапырып, астан-кестен.

Әлі күнге “Серпер” күй дабыл қаққан,
“Төремұрат” тектілік шамын жаққан.
Тек сендердің, бабалар, арқаларың —
“Қазақпын” деп табады жаным мақтан.

Бір күйі бар дәл қазақ баласындай,
Бір күй мақтар ұлдарын шаласынбай.
Бір күйлері шалқыса “Көбік шашып”,
“Сары Арқасы” қазақтың даласындай.

Сол күйлермен ғашықтар сағынады,
Сол күйлермен әлсіздер шағынады.
Ұлы өнерден ұрпағың, Құрман-Ата,
Табар әлі Сізді де, бағын әлі.

ЖАҢА ЖЫЛДА

Кетті бір жыл төгіп жерге ұл-қызын.
Жетті бір жыл — болашағың, жалғыз үн.
Кетті бір жыл көміп жерге үмітті,
Жетті бір жыл жағып арман жұлдызын.

Жылдар, неткен, көп нүктедей шеру ең,
Алда Арман, алда Үміт — керуен.
Бірі елге Азаттықты әкелсе,
Бірі ерге міндет артқан елу ең.

Жылдар, Сіздер, қайталанбас жалқысың,
Ойлы жанға бәрің сотсың, талқы, сын.
Жирма бесте, қырықта да кездеспей,
Дәметеді кісіліктен алпысың.

Силап жатыр он жетісін, отызын,
Силап жатыр Үміт-шылбыр өте ұзын.

Мойын жара Арман-ноқта сүйреткен,
Басы ұмыт, ортасы елес, шеті шын.

Босанған бар сол ноктадан еліріп,
Бірі жайпап, бірі құрып серілік.
Даттап өтіп, аттап өтіп тірлікті,
Ойрандап жүр бәрін солар кері ғып.

Кейбіреуге Парыз артық жүк болып,
Тапқан орны бұ ғұмырда – нүктелік.
Ал біреудің жастай жаны жаралы,
Көтере алмай Парыз жүгін бүктеліп.

Әз арманы нәр боп тарап, ішіліп,
Асқарлар жүр әзіз басын кіші ғып.
Ал біреуі Ақиқаттан пішіліп,
Біреу тіпті тұнып тұрған Кісілік.

Қоштасқанның бәрі қымбат неліктен?..
Мен өмірге жоқ іздеуге келіп пе ем?..
...Жаңа Жылға "Арман-кесе" алдырам,
Ортақтасшы, қарындастар, бөліп тең...
"Үміт-Көлдің" мұңын ұрттап көріп пе ең?..

ЖОЛ ҮСТІНДЕ

Ойға батқан мен едім жол үстінде,
Созылатын үш күнге, жол, үш түнге.
Өмір қысқа, таусылар осы жолдай,
Шарасынан сол өмір мол іштім бе?..

...Енді екі жыл, алпыс та жетеді екен,
Өткен күндер қайрылмай кетеді екен.
Қажар қайтып, салғырттық бойды басып,
Жат сезімдер оянған, өте, бөтен.

Үміт, арман, күш кеміп бара жатыр,
Тән, жандағы сес беріп жара жатыр.
Ойын-сауық, көпшілдік адыра қап,
Бұ күндері біз де бір – дала-тақыр.